

**А. Б. Болат, ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясының 2-бағам тыңдаушысы**

**Ғылыми жетекшісі: Қ. Ә. Қарабеков, ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясының азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы**

## **ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ**

Қазақстан Республикасының көп жүйелі нарықтық қатаинастар тұратын демократиялық егеменді мемлекет болуы, құқықтық реформаның басталуы, Азаматтық кодекстің жалпы бөлімінің қабылдануы азаматтық құқықтың институты — өнертабыс құқығына көп эсерін тигізді. Бұрынғы заң бойынша материалдық емес объектілермен байланысты қатаинастар реттелуі мүмкін емес еді. Бұл мәселенің курделілігі Қазақстан Республикасының халықаралық қоғамдастыққа интеграциясы, нарықтық қатаинастарға көшуі бұрынғы Одақ заңдарымен қабылданған «интеллектуалдық» меншік деп аталатын ұғымды енгізуді объективті түрде қажет етті. Міне, осыған байланысты бұл объектілерді дүниеге келтірушілердің мүддесін ойдағыдай дәрежеде корғау мүмкін болмады. Бұл ұғым алғашкы рет 1991 жылы қабылданған «ССРО-ның меншік туралы заңында» бекітілген еді. Қазіргі уақытта бұл мәселе ұлттық заң актілерінде өз орнын тауыш отыр. 1995 жылдың 1 наурызынан бастап күшіне енген Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 7-бабының 5-пункті өнертабыстар, өнеркәсіптік үлгілер, ғылым, әдебиет, өнер шығармаларын және интеллектуалдық қызметтің өзге де жемістерін жасау нәтижесі азаматтық құқықтар мен міндеттердің пайда болуы негіздері болады деп көрсетеді. Осы кодекстің 14-бабы құқық қабілеттілігінің мазмұнын көрсете отырып, өнертабыска интеллектуалдық меншік құқы болуы мүмкіндігін белгілейді. Азаматтық кодекстің 125-бабы «Интеллектуалдық меншік» институтын бекітеді. 1992 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының «Патент заңы» интеллектуалдық (өнеркәсіп) меншігі объектілеріне жататын өнертабыстар, өнеркәсіптік үлгілер, пайдалы модельдерді корғаудың әлемдік талаптарына сай бекіткен еді. Бұрынғы Одақ елдерінің аумағында бұл объектілерді корғаудың жолы патент болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Авторлық құқық және сабактас құқықтар» туралы Заңы жоғарыда айтқан мәселелерді шешуде негізгі бастау бола алады.

Интеллектуалдық мешік, оның ішінде авторлық құқық объектілері мүліктік айналымдағы ерекше топтағы тауар болып табылады. Өйткені оның бағасы анықталмаған. Бұл тауарлардың ерекшелігі — олар бір мезгілде автордың рұқсатынсыз шексіз тұлғалардың тобымен пайдаланылуы мүмкін. Әлемдік сауда жүйесінде интеллектуалдық мешік объектілерінің саудаға түсіү бұрыннан қалыштасқан. Міне бұл қатынастардың Қазақстан Республикасы аумағына еніп дамуы қазіргі күннің талабы болып отыр.